

*Ақ шетпен  
Анарға естелік  
Шолпаннан.*

Қарсыбекова Шолпан Пернекүлқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРДІ  
ТОПТАСТЫРУДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ  
ПРИНЦИПТЕРІ

10.02.02 – қазақ тілі

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін  
алу үшін дайындалған диссертацияның  
А В Т О Р Е Ф Е Р А Т Ы

*Шолпан*

Алматы, 2004

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалды.

**Ғылыми жетекші:**

ҚР ҰҒА академигі, филология  
ғылымдарының докторы,  
профессор **Ә.Т.Қайлар**

**Ресми опоненттер:**

филология ғылымдарының  
докторы **С.К.Сатенова**

филология ғылымдарының  
кандидаты **Б.Дина**

**Жетекші ұйым:**

Қазақ Мемлекеттік Қыздар  
педагогикалық институты

Диссертация 2004 жылы “3” желтоқсанда 14.00-де ҚР  
БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы  
10.02.06 – түркі тілдері және 10.02.02 – қазақ тілі мамандықтары  
бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу  
үшін диссертация қорғайтын Д 53.38.01 диссертациялық кеңестің  
мәжілісінде қорғалады. Мекенжайы: 480100, Алматы қаласы,  
Құрманғазы көшесі, 29.

Диссертациямен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық  
ғылыми кітапханасында танысуға болады (480100, Алматы қаласы,  
Шевченко көшесі, 28).

Автореферат 2004 жылы “3” қараша таратылды.

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы, филология  
ғылымдарының кандидаты



**Б.Қапалбеков**

## Кіріспе

Этномәдени танымды айшықтайтын қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер (бұдан кейін қысқаша - ММ) тек сан жағынан ғана емес, сапа, мазмұнына қарай да алуан түрлі. Оның басты себебі: ұлттық менталитетіміздің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де маңызды өрнегі болып саналатын ММ-дер — қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-тәлімінің, өркениеті мен мәдениетінің — барша болмысының қайнар бұлағы. ММ-дер сан ғасырлар бойы екшеленіп, қырланған, мазмұны түрліше, сан алуан тақырыпты қамтуымен қатар, адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, әр қилы қоғамдық жағдайларда кездесетін құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға. Халық арасына өте көп тараған және жашы тілшіміздің қаймағы ретінде ұзақ өмір сүретін құрамдық бөлшегі де — ММ-дер. ММ-дер — шешендік өнермен туыстас жатқан сөз өрнегі. ММ-дер — жалпы тұрақты тіркес саласының ең көлемді, қолдану аясы кең, мазмұны тиянақты тарауы болып есептеледі. Кезінде ММ-дерді айтушылар болған. Олар — ұлы ойшындар, ақын-жыраулар, шешендер, дана билер, қазылар, қысқасы ақыл-парасат иесі, өз дәуірінің озық ойлы кемеңгерлері. Бұлар халықтың мүддесін ойлаған, жұртшылыққа үлгі-өсиетін айтып, ақыл-кеңесін беріп, мұңды-шерлі жүректерді жұбатып, асып-тасығанның төгілетінін, қоғамнан тосқауыл көретінін ескертіп, жастың өсетініне, жарлының байитынына, қиянаттың қияметке қалмайтынына сендірген.

ММ-дер — халық даналығының қазына байлығы, ол — ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі-бақи бірге жасап, біте қайнасып, етене сіңісіп кеткен дүние. Сондықтан да, жұртшылық оны ел жадында (өз жадында да) сақдай сай дайын тұрған қазына ретінде ұстап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдалануға, сол арқылы өз ойын көрікті де бейнелі түрде білдіруге тырысады. Алайда, ММ-дерді қолданушы адам олардың не себепті солай айтылып, қалыптасып қалғанына мән бере бермейді. Оның бір себебі: ММ-дердің алғаш жасалғандағы мағынасында емес, көбінесе абстракцияланып барып қалыптасқан ауыс (келтірінді, туынды) мағынасында қолданылуына байланысты. “Мына мақал-мәтелдердің мәні не?” деп сұрай қалсаң, кез-келген қазақ оны көбінесе өз объектісінен ауысып, адамға бағыпталған абстрақты (жалпылама) мағынасы мен мәнін түсіндіре бастайды. Бұл, әрине заңды құбылыс. Олай болса, ММ-дер о баста өзінің тура мағыналарында қалыптасса да, сол тілді қолданушы ұжымның өлеуметтік-қоғамдық, қоғамдық-рухани жаңғыруларына сәйкес, адамға қатысты ауыс мағыналарына өзгеріп отырады.

Сондықтан да рухани өміріміздің ішкі мазмұнын ашып, даналық көзі — ММ-дердің күрделі табиғатын терең тану үшін олардың тілімізде қалай

және қандай логикалық, тілдік, этнолингвистикалық заңдылықтар мен уәждер бойынша жасалып, қалыптасқанын білу қажет. Бұл мәселені айқындай түсудің теориялық та, практикалық та мәні зор.

Ал, болмыстағы нақтылы заттар мен құбылыстарға байланысты пайда болған ММ-дің мағына жағынан дами келе, жалпыланып, жаңа объекті — адам факторына ауысуы олардың екінші рет уәжі (“вторичная мотивизация”) болып саналады. Демек, ММ-дердің жасалу уәжі мен ауыс мағынаға (көбінесе адамға, оның іс-әрекетіне, қалып-күйіне, қасиетіне, тағы басқа ерекшеліктеріне байланысты) ие болу уәжі арасында тікелей логика-семантикалық байланыс бар деген сөз. Мұны айқындау ол халықтың рухани өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымын, жалпы ұлттық менталитетіне ерекше мән беретін антропологистикалық зерттеуді талап етеді. Себебі кез келген ұлттық ұжым негізінде қалыптасқан қоғамда ММ-дердің қозғамаған мәселесі, көтермеген тақырыбы, сөз етпеген табиғи құбылыстары мен заңдылықтары, ұлттық сана мен дүниетаным мәселелері кемде-кем. Осыншама мол объектінің ішінде ММ-дердің ерекше көңіл бөліп, өзінің барша мазмұн-мәніне арқау етіп келе жатқан тақырыптарының бірі — “Адам болмысы”, яғни оның жақсы-жаман әдеттері мен жағымды, жағымсыз қасиеттері, өнегелі өмірі мен бейберекет, ретсіз де сүреңсіз өткізіп жатқан тіршілігі, көрген рахаты мен тартқан азабы, жеке басының кемшілігі мен артықшылығы, моральдық, этикалық, әдептілік, имандылық сияқты адам бойындағы сан алуан қасиеттер болып саналады. Шын мәнісінде, әрбір ММ-дің табиғатынан өзіне ғана тән, өзіндік ішкі даму заңына сәйкес сағылы дамуының екі деңгейін — алғашқы, яғни негізгі де нақтылы мағынасы мен қолданыстық нәтижесінде пайда болған соңғы, ауыс мағынасындағы деңгейлерін айқын көруімізге болады. Яғни, ММ-дердің өуелдегі тәжірибе түрінде қалыптасқан мағынасы мен жүре пайда болған және көбінесе адамның өзіне бағышталған туысды мағынасы арасында логикалық, уәждік байланыс бар деген сөз.

Бұлар тек сан жағынан ғана емес, ішкі мазмұн, мән-мағына жағынан да әр түрлі. Міне, осыған байланысты мақал-мәтелтану (паремиология) саласында оларды іштей жіктеп, логикалық жүйеге салу, тақырыптық, мағыналық ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне қарай саралап, топтастыра қарау дәстүрі қалыптасып келеді деуге болады. Топтастыра қараудың түркі тілдерінде де, басқа (орыс, иран, еуропа т.б.) тілдерде де қалыптасып, дәстүрге айналған негізгі үш түрлі принципін атауға болады. Олардың біреуі — тілдегі барша ММ-дерді бірінші сөзінің алфавит тәртібі бойынша топтастырып беру (лексикографиялық тәжірибеде); екіншісі — ММ-дердің заттық-тақырыптық мағынасына қарай топтастыру (Н.Исәнбөт); үшіншісі — логика-семантикалық тұрғыдан топтастыру (Г.Л.Пермяков).

Міне, осы принциптерге байланысты ММ-дер барша тілдердің тәжірибесінде үш түрлі нұсқа түрінде беріліп келеді. Олардың біріншісі —

ММ-дер сөздігінде, екіншісі — ММ-дер жинақтарында (топтамаларында) және үшінші түрі — паремиологиялық арнаулы зерттеулерде қолданылады. ММ-дерді осылайша топтастырып-жіктеп берудің теориялық һәм практикалық тұрғыдан артықшылығымен қатар кемістік жақтары да жоқ емес.

Осы орайда, тіл топтарына байланысты теориялық еңбектердің ішінде біздің нысанға тікелей қатысы бар зерттеулерден Г.Л.Пермяковтың және Н.Исәнбәттің, Ә.Қайдардың еңбектерін атаған болар едік. Г.Л.Пермяков жалпы шығыс халықтарының (соның ішінде қазақ, қырғыз, өзбек т.б. түркі халықтарының), Н.Исәнбәт татар тілінің ММ-дерінің тілдік табиғатын, Ә.Қайдар қазақ тілі ММ-дерінің мағына-мәнін, логика-семантикалық, заттық-тақырыптық топтарға жіктелу заңдылықтарын, ерекшеліктерін салыстыра-салғастыра қарап, жалпы паремиология теориясына қомақты үлес қосып отыр.

Біздің зерттеу нысанымыз бен ММ-дерді топтау барысындағы қағидаларымызға сәйкес теориялық-әдістанымдық негіз ретінде пайдаланған еңбектің авторы Г.Л.Пермяков әр түрлі жүйедегі тілдердің фактілеріне сүйене отырып, ММ-дердің мазмұны мен мәні жағынан, логикалық негізі мен тақырыптық шеңбері жағынан ембебап (универсалды) құбылыс екенін дәлелдейді. Соның нәтижесінде кез-келген тілдегі ММ-дерді ортақ бір жүйеге салып, түрлі дәрежеде: логика-семиотикалық инвариант ретінде, логика-семантикалық және логика-тақырыптық (тематикалық) үлкен (макро) топ және кіші (микро) топ ретінде іштей жіктеп, жүйелеп қарауға болатынын дәлелдеп шықты.

Бұл принцип бойынша: тіліміздегі ММ-дер сан жағынан қаншама көп, мағына-мазмұн, құрамы мен тұлғасына қарай алуан түрлі болып келсе де, іштей жүйелеуге, өзара жақын әрі ұқсас, нақтылы да жалпылама белгілері бойынша топтастырып қарауға болатын тілдік құбылыстар қатарына жатқызылады және бұл принцип тек бір тілдің ғана емес, әр тектес көп тілдердегі ММ-дерге тән ортақ қасиеттерге негізделеді.

Ал, мақалама жүйесінің тегігін білу деген сөз — өмірдің өзімен бірге өріліп жатқан шындықты дәлелді, деректі, уәжді сөз өрнегімен олардың мағыналық-тақырыптық, логикалық жүйелері арқылы тап басып, дәл таба білу. Аз сөздің аясына сыйдырып айта білген ата-бабаларымыздың өзіне дәл қазір қажетті болып тұрған ойын қай тұстан іздеудің құбыланамасы да мақалнаманың жүйесін білуде. Ой жүйелілігі, тақырып жүйелілігі, мағына-мазмұн жүйелілігі, сайып келгенде, әрбір ММ-дің мағына, мазмұн, тақырып, логика жағынан іштей шоғырланып тұрған топтардың ішкі сырына, ұлттық салт-дәстүр, өзіндік дүниетаным тағы басқа ментальды қасиеттерді дұрыс түсіне білуге байланысты.

Шынында да, адам өзінің ой-пікірін көл-көсір етіп, көп сөзбен баяндауы да, “қысқа да нұсқа” түрінде, “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” етіп, аз сөздің аясына сыйдырып, тоқ етерін бір-ақ айтып қаран отыруы да мүмкін. Бұл төсілдің екеуі де қажет. Бірақ бұлардың біріншісі жалпы

халыққа, қалың көпшілікке тән төсіл болса, екіншісі көбінесе тілге жүйрік шеберлердің сөз саптау мәнеріне, өнеріне тән қасиет. Демек, бұдан ММ-дердің сөз жүйесінде қолданылатын өз орны, өз реті, өз қажеттігі бар деген ұғым туады.

**Тақырыптың өзектілігі.** Халық даналығы – тіл арқылы адам баласының өткен өмір-тіршілігіне байланысты тұңғыық терең сыр шертетін, оның көне мәдениеті мен байырғы салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танып-білудің бірден-бір сенімді де жанды бұлағы.

Екі бұлақтың (ММ-дердің) бірі – қоғам зердесінде қалыптасып, қолданысқа дайын тұрған көркемсөздің көрікті де тұрақты өрнегі болса, бірі – этностың халық болып қалыптасуының барлық деңгейінен өтіп, санасының өсіп, дүниетанымының кеңейіп, рухани маркаюына, даналар мен білгірлердің талғам-танымына, ой-өрісі мен ұғымына тікелей байланысты. Олар – әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне сөйкес қалыптасып, әр халықтың өзіндік дүниетанымы мен даналығын білдіретін рухани байлық. Әрбір халықтың даналық болмысы сол халықтың өз тілінде, өз даналары мен ойшылдарының, шешендері мен айтқыштарының ой-толғаныстары мен солардың мәнді де маңызды үлгілері негізінде қалыптасады. Сондықтан ММ-дер өзінің бейнелі табиғатымен көркемсөз өнерінің көрікті де құнарлы үлгілеріне жатады. ММ-дер – халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, әдепгілік пен парасаттылықты уағыздаушы құрал. ММ-дердің табиғаты барлық тілдерде бір-біріне ұқсас. Тілдегі қалыптасқан көне де байырғы ММ-дердің қай-қайсысы болмасын өзінің даму барысында ұзақ тарихи жолды басып өтіп, екселеніп-еленіп, бүгінгі ұрпаққа сараланып жеткендігі байқалады. Әрбір ММ-дің бойынан ұзақ әңгіменің, ой-толғаныстың қорытындысы, тобықтай түйіні, тоқ етері ретінде қысқа айтылатын пікірі, алуан түрлі тақырыбы табылады.

Демек, халықтың ғасырлар бойы көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан даналығының қайнар көзі – ММ-дер бүгінгі күні рухани бай мұраға айналып отыр. Сондықтан әрбір этностың адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени рөлін, рухани болмысы мен ментальдық құндылығын бағалағанда оның даналық қорында жинақталып, қалыптасқан ММ-дердің ауқымын ғана емес, дүниетанымдық ой-парасатының тұңғыық тереңдігіне, шарықтау шегінің биіктігіне, мазмұн-мәнінің кеңдігіне, алуан түрлі тақырыбына қарай айқындау зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ ММ-дерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып-білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне де ММ-дердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді. Сондықтан

акад. Ә.Қайдар оларды шартты түрде “Адам”, “Қоғам” және “Табиғат” деп атауды ұсынады.

1. Мақал-мәтелтанудың өзара байланысты, астарлас, бірін-бірі толықтыра түсетін үш ерекшелігін біз антропоцентристік сипатына сай зерттеудің өзектілігіне жатқызамыз:

2. ММ-дердің дүниеге бір кезде келуі, бұл олардың тарихтағы белгілі адамдардың дуалы аузынан шығып, өмір тәжірибесі арқылы расталып, халық жадында сақталуы.

3. ММ-дердің белгілі бір ұғым, түсінікті, идея мен ой-пікірді білдіретін, азаматтық, діни, құқықтық талаптарды түсіндіретін моральдық, этикалық, эстетикалық нормалар мен әдептілікті, имандылықты уағыздайтын халықтың салт-дәстүрін, жөн-жоралғысын сақтауды талап ететін, ғибрат, ақыл-кеңес беретіндігі.

ММ-дерді практика жүзінде дұрыс қолдану деген сөз – білген ММ-дерін әйтеуір бір қолданып қалу мақсатында емес, оны тиісті орнын тауып, бір сарынмен айтылған ой-пікірді ширатып, шегелей түсу үшін, сөзіне ажар беріп, тыңдаушының құлағын бір елең еткізіп, оның көңілін бірден өзіне аудару үшін қолданылуы.

**Зерттеу нысаны.** Осы уақытқа дейін қазақ тіл білімінде ММ-дердің танымдық-прагматикалық аспектілері, лексика-стистикалық ерекшеліктері, лексика-грамматикалық сипаты, ММ-дердің синтаксисі, ММ-дердің узуальды (тұрақты), окказиональды (өзгермелі) қолданысы т.б. ерекшеліктері сөз етілгені болмаса, ММ-дерді топтастыру принциптері арнайы зерттелініп, ғылыми тұрғыдан айқындала қойған жоқ. Сондықтан да бұл мәселе диссертациялық жұмысымыздың зерттеу нысаны етіп алынып, арнайы қарастырылып отыр. Демек, зерттеу нысанына қазақ халқының сөздік қорында кездесетін ММ-дерді мазмұн-мөніне қарай ғылыми тұрғыдан жүйелеп, топтастырудың принциптерін айқындау мәселелері жатады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу жұмысының жалпы мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі ММ-дерді топтастыру принциптерін анықтау арқылы олардың тіл жүйесіндегі алатын орнын белгілеу, ММ-дердің қоғамда қалыптасуына негіз болған о бастағы факторлар мен әр алуан уәждерді анықтау, сонымен бірге ММ-дердің тілдік табиғатын зерттеу негізінде сан, сапа жағынан ғана емес, мазмұн-мағынасына байланысты әр түрлі деңгей-дөрежеде:

- жоғарғы логика-семиотикалық инварианттық топ ретінде;
- логика-семантикалық топ ретінде;
- логика-тематикалық топ ретінде;
- бұл топтардың ішінара макро және микро топтарға жіктелетін себептерін анықтау;
- ММ-дердің мағына-мазмұнын толық игерудің жолдарын қарастыру;

- ММ-дің атадан балаға мирас болып келе жатқан кумулятивтік қызметін анықтау;

- ұлттық болмыс пен қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасын талдап-тарату;

Бұл мақсаттардың орындалуы үшін жұмыста мынадай нақты міндеттерді шешу көзделінеді:

- жалпы қазақ ММ-дерін топтастыруда негізгі нысан етіп тірек сөздерінің заттық (материалдық) мағыналарына қарай емес, ауыс мағынасына қарай топтастыру;

- паремиология практикасында ММ-дерді заттық-тақырыптық белгілер бойынша топтастыру;

- қазақ ММ-дерін ең жоғарғы деңгейде топтастыруда Г.Л.Пермяков ұсынып отырған жүйе мен төсіл негізінде қарастыру;

- заттық-тақырыптық топтастыруды этнолингвистикалық (“Адам”-“Қоғам”-“Табиғат”) принциптермен тоғыстыра қарастыру (Н.Исәнбөт, Ә.Қайдар).

Осы мәселенің ғылыми болжамы ретінде қазақ тіліндегі ММ-дерді іштей жіктеп, логика-тақырыптық топтарға бөліп, соның нәтижесінде олардың лексикографиялық еңбектердегі орындарына қою сияқты мәселелерді шешу деп белгілеу.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері.** Зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде Шығыс халықтары ММ-дері негізінде оны арнайы зерттеген ғалым Г.Л.Пермяковтың, ММ-дерді халық даналығының көзі ретінде зерттеген Ә.Т.Қайдардың, сол сияқты қазақ тіліндегі ММ-дерді жиып, халық игілігіне ұсынған Б.Адамбаевтың, Б.Ақмұқанованың, М.Әлімбаевтың, А.Т.Смайлованың, Ө.Тұрманжановтың, татар халқының мақал-мәтелдерін жинап, жүйелеген Н.Исәнбөттің, көркем әдебиет мөтіндері, мерзімді баспаханалардан жарық көрген ММ-дер жинақтары т.б. еңбектер пайдаланылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері.** Қазақ тіліндегі ММ-дерді ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеп, оларды логика-семантикалық тұрғыдан топтастырудың, этнолингвистикалық негіздерін айқындау, зерттеудің арнайы нысанына айналып отыр. Себебі ММ-дерді топтастырудың бұл принциптері түркітану саласында бұрын-соңды арнайы сөз болса да, қазақ тілі тәжірибесінде қолданылған емес. Осыған сай жұмыстың нақты жаңалықтарын былай көрсетуге болады:

- Антропоцентристік бағытта талдау барысында қазақ тіліндегі ММ-дер ең жоғарғы деңгейдегі логика-семиотикалық инварианттық топтарға жіктелді;

- қазақ паремиологиясында алғаш рет логика-семантикалық тұрғыдағы топтастырудың 30 шақты жаңа түрі қарастырылды;

- қазақ ММ-дерінің логика-тематикалық топтарының үлкен (макро) және кіші (микро) топтарға іштей бөлінетіндігі анықталды;



- Г.Л.Пермяков ұсынып отырған топтастыру жүйесі мен принциптерін кез-келген тілдің (соның ішінде қазақ тілінің) ММ-деріне қатысты қолдануға болатындығы этнолингвистикалық тұрғыдан айқындалған топтау негізінде нақты көрсетілді;

- топтастырудың этнолингвистикалық негіздері (“Адам” - “Қоғам” - “Табиғат”) – қазақ ММ-дері ең жоғары логика-тақырыптық деңгейде нақты қарастырылды;

- татар ғалымы Нәки Исәнбәттің татар паремиологиясы бойынша зерттеуінде қалыптасқан (500-дей) макро және микро топтардың үлгісі мен принциптерін қазақ тіліндегі ММ-дерді де топтастыруда қолдануға болатындығы нақты айқындалды.

**Зерттеудің теориялық және практикалық мәні.** Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағытқа сәйкес қазақ этносының дүниетанымын, ой-санасын, өркениеті мен мәдениетін тіл арқылы білу – ең маңызды мәселелердің бірі. Осымен байланысты кез-келген ММ-дердің табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан ашып беру, олардың мағынасын анықтау үшін тіл қалыптасуының құрылымдарына бойлаудың мәні ерекше. Осыған сәйкес жүргізілген зерттеудің нақты талдау нәтижелері тіл тарихы, паремиология, лексикология, фразеология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының теориялық курстарын оқыту мен түрлі арнаулы семинарлар жүргізуде өз үлесін қоса алады деп санаймыз. Сонымен бірге зерттеу нәтижелерін лексикографиялық тәжірибеде, шешендік сипатын сот процесінде, бұқара алдында, тағы басқа коммуникация қызметтерінде тиімді пайдаланудың практикалық құндылығы деп сипаттауға болады.

**Зерттеу әдістері мен тәсілдері.** Зерттеу барысында нақты міндеттерге байланысты сипаттама жасау, салыстыру-салғастыру, семантикалық талдау әдістері мен тәсілдері және тіл дамуының мәдени-тарихи үрдісін айқындайтын басқа да ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

- ММ-дер – белгілі бір жағдайды тұжырымдап, ой қорытатын, яғни ойды құрастырушы, өз бойына сіңірген ұлттық рухты жеткізуші тілдік құрал, этнолингвистикалық феномен;

- ММ-дер – өзіндік жасалу тарихы, уәждік негізі бар, қалыптасқан құрамдық-құрылымдық қалпы, поэтикалық әуезділігі бар, көркем сөз өрнегімен өрілген толғаныстардың өмір шындығы туралы тілдік бейнесі;

- ММ-дер – коммуникативтік қағынас құралының ең құнарлы көркемдік-бейнелеу тәсілі арқылы жасалған тілдік құбылыс;

- ММ-дер – көркемсөз өнерінің көрікті өрнегі арқылы қалыптасқан ұлт рухының, құдіретті күштің тілдік көрінісі;

- ММ-дер – тілдің кумулятивтік қызметі мен көркем тілі арқылы бүкіл халықтың рухани қазынасын бойына жинақтап сақтайтын, ұлттық рухтың табы сіңген рухани дүниесі, оның көне мәдениеті мен байырғы

салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танып білудің сенімді де жанды бұлағы, ескінін куәгері, өшпес мұрасы, өмір тәжірибесінің жиынтығы.

- ММ-дер — халықтың дүниені түйсінуден хабар беретін қойма, ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-нанымын, ұлттық рухты тек тілде ғана жан-жақты танытушы, таным бөйтерегі.

**Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.** Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен материалдары бойынша: С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университетінде өткен “Тілді оқытып үйретудің өзекті мәселелері” атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда (Алматы, 2004 ж.), Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында өткен “Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Алматы, 2004 ж.), ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған “Р.Сыздық және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Алматы, 2004 ж.), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы “Лингвистикалық жұма” атты ғылыми-өдістемелік лингвистикалық теориялық семинарда (2004, мамыр) баяндама жасалды.

Республикалық ғылыми басылымдар мен ғылыми жинақтарда диссертация тақырыбына қатысты 6 мақала жарияланды.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

#### **Зерттеу жұмысының мазмұны**

Кіріспеде зерттеу нысаны көрсетіліп, тақырыптың өзектілігі, ғылыми жаңалығы айқындалды, мақсаты мен міндеттері белгіленді. Зерттеудің теориялық бағыты мен зерттеу әдістері, әдістанымдық негіздері, практикалық мәні көрсетіліп, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы анықталды.

Диссертациялық зерттеудің “ММ-дердің мағыналық жіктелу принциптері” деп аталатын I тарауының *ММ-дердің тірек сөздер мағынасына қарай жіктелуі, ММ-дердің тура мағынасына қарай жіктелуі, және ММ-дердің ауыс мағынасына қарай жіктелуі* деген тараушаларында тіл құрамындағы ерекше бір жүйе болып табылатын халық даналығының қорына жинақталып, жарияланған ММ-дердің зерттелу әдістері мен ғылыми бағыттарына талдау жасалған. ММ-дердің тек қазақ тілінде ғана емес, түркі халықтарының да (өзбек, қырғыз, татар) тілдеріндегі де ғылыми топтастыру мәселелеріне, мағыналық жіктелу принциптеріне назар аударылған.

**1.1 ММ-дердің тірек сөздер мағынасына қарай жіктелуі.** ММ-дер қойнауына ғасырлар сыры мен құпиясын сақтай білген рухани асыл байлығымыз, халық даналығы. Жалпы, ғылым дүниесінде “Мақал-мәтелдердің авторы жоқ” деген пікір қалыптасқан. Бұл әрі дұрыс, әрі бұрыс пікір. Бұрыс болатын себебі — ММ-дің қандай түрі болмасын, ғайыптан пайда

болған, ел-жұрт жиналып, ақылдасып, кеңесіп шығарған дүние емес. Олар, әдетте, халық арасынан шыққан жеке-дара ділмөр-шешендердің, дарынды да дана тұлғалардың, ақын-жырау, көңілі көрікті, кеудесі ояу, көргені мен көңілге түйгені мол қазыналы қарттардың өз өмір-тіршілігінен алған, тағылымынан туындаған ой түйіндері. Демек, ММ-дер — өзінің түп негізінде жеке бастың рухани табысы, әр замандағы даналардың қоғамдық өмірге деген көзқарасы, өзіндік таңымы. Алайда, осылай дүниеге келіп, ылғи өзгеріп, өрбіп-өсіп отыратын жеке-дара тұлғалар қалдырған өнеге, өсиет өрнегі солардың атымен ұзақ сақтала бермейді. Негізінен ауыз әдебиеті қалыптасқан тарихи кезеңде өз кезінде қағазға түсіп хатталмаған автордың есімі ұрпақ жадына сақталмауы табиғи құбылыс. Бұл рухани байлықты (ММ-дерді) өз кезінде шығарушы даналар есімі ұмыт болса да, оның өзі ілім ақыл санасында сарапталып, жатталып, қарапайым қалың жұрттың ақыл көзіне, рухани дүниесіне айналады, тілдік қарым-қатынастың күрделі синтаксистік бірлестігі ретінде ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын мирас болып сақталады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, қазақ тіліндегі бүгінгі жинақталған ММ-дердің саны 15 мыңнан астам. Мысалы; татар халқында 150 мыңдай ММ-дер Нәкый Исәнбөт тарапынан жинақталып, 3 том болып жарық көрді. Соған қарағанда, қазақ тіліндегі ММ-дердің саны, сөз байлығы татар тілінен кем түспеуі тиіс, біздің де сондай байлығымыз болуы ықтимал. Көптеген зерттеушілер ММ-дерді қашаннан зерттеп келе жатса да, түгел жинақтап, санын анықтау мәселесін күн тәртібіне қойған жоқ. Демек, қазақ тіліндегі ММ-дер аз емес, баршылық. Халық жазушысы М.Әлімбаевтың, фольклоршы Ө.Тұрманжановтың, Б.Адамбаевтың т.б. фольклортанушылардың халық даналығына қатысты рухани мұрасын зерделеп жүйелеу — болашақтың ісі.

Қазақ тіліндегі ММ-дердің қаншасы бүгінгі қауымда қызмет етіп жүр, я қолданыста жүргені, одан тыс қалып жатқаны қанша? — мұны нақтылап айту қиын. Біздің ата-бабаларымыз бірде-бір сөзін, ой түйінін, топшылау-толғауын ММ-сіз айтқан емес. Мәселен, қазақтың кең-байтақ даласында ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданып келген қауым жазу мәдениеті еркін дамымаған кездерде даналық сөздерін ауызша айтып, құлақтан-құлаққа жеткізіп, жадында сақтауға тырысты. Бұл объективті жағдаят дана, ақылмандардың, ділмөр-шешендердің, ақын-жыраулардың дуалы аузынан шыққан асыл сөздерді жаттап алып, жадында сақтау үрдісін дамыта түсті. Бұл өмір бойы қой бақса да, қоймен бірге ой баққан қазақтардың ақынжанды халық екендігін, яғни қазақ даласы өз Демосфен, Цицерондарымен әлемге әйгілі болып келгендігін білдіреді. Мыңдаған дана билердің, ділмөр-шешен, ақылман-айтқыштардың даналық мұрасының қыр-сыры енді ғана айқындала бастады [1].

Татар халқында 150 мыңдай ММ-дің сақталуы оның жазу мәдениеті басқа түрік халықтарына қарағанда өлдеқайда ерте дамығандығына бай-

ланысты. Демек, халық даналық сөздерінің барлығы кезінде қағазға түсіріліп, жинақтарда жарияланып келді деген сөз. Бұл, әрине, өте көп дүние. Біріншіден – ММ-дерді дүниеге келтіру бар да, екіншіден – оны сақтау бар, ал, үшіншіден – оларды өмірде қолдану бар. Үшеуі бір-бірімен тікелей байланысты, ММ-дер дүниеге келмесе, сақтаудың не қажеті бар? Сақталған қазына байлықты пайдаланбаса оның да мәні жоқ. Міне, осы үш процестің бірі – ММ-дерді қалай пайдалану керек деген күрделі мәселе. Оның түп мақсатында ММ-дер арқылы халық өзінің барша болмысын танып-білу деген ұғым жатыр.

ММ-дер – ресми тарих пен өткен уақыттың табын бойында сақтап келе жатқан рухани шежіре. Ел жадында сақталған кейбір ММ-дерден есте жоқ ескі замандардың сарының аңғарып, тарихи дәуірлердің дүбірлерін сезінуге болады. Мәселен, “ғұн //хун заманын”, “Сақ дәуірін” естіген де, естімеген де жұртшылық бар. Қазақ тілінде: “*Көкте күн – жалғыз, жерде ғұн – жалғыз*” деген мақал кездеседі. Қазақ этносының санасында сақталған бұл мақалдың мағынасын, пайда болу уәжін “тым ерте кездерде ғұндар көне түркі тайпаларының басын қосып, бүкіл Еуроазиялық жазықтықта ұлы Ғұн империясын құрып, аспандағы Күн сияқты, сонша елді бір өзі ғана билеп-төстеген бір ғана ғұндар еді” деп түсінуге болатын сияқты. Халық санасында сақталған осы ұғымның мәнін бүгінгі заман (XX ғасыр) ақын-жазушылары, мәселен, Мағжан Жұмабаев: “Ғұн Күннен жаралған”, “Ғұн-Күн текті бейне” деп жырласа, Ж. Молдағалиев: “Осындай боп, білмеймін, кімнен тудым, Бәлкім қайсақ, бәлкім бір күннен тудым ...” – деп, өзінің сол ғұнның бір ұрпағы екендігін паш етіп отыр. Мақалды білу деген сөз – халықтың бүкіл болмысын танып білу легендік. Өйткені, ММ-дер 10 жылда, 20 жылда пайда болған дүние емес, түп тамыры тереңде, сонау қазақ қауымы қауым болып қалыптасқан уақыттан, саналы өмір сүре бастағаннан бері, өмірден алған тәжірибесін, түйгенін рухани байлығымыз арқылы өрнектеп, ғасырлар бойы сақтап келе жатқан дүние. Мұны ММ-дердің өздері айтады. ММ-дердің мазмұнына пайымдап қарасақ, бүгінгі қолданылып жүрген халық даналығының 50-60% пайызына дейін зерттеу заманындағы ұғымдарға байланысты қалыптасқандығын көруге болады. Басқа халықтарда да осы сияқты. Дегенмен, қазақ ММ-дері тек өз халқының, қазақ этносының болмысын жырлап, соны айтып түсіндірген. ММ-дер – тұрақты тіркес санатына жататын тілдік құбылыс. Кез келген ММ-дердің құрамында өзіне негізгі мағына жүктеуші, ерекше сөздер кездеседі. Тірек сөздер өр ММ-дің өз құрамында қалыптасады. Олар ММ-дердің қызметі мен мағынасына байланысты. ММ-дер құрамындағы тірек сөздерді танып-білу, сол ММ-дің жасалуына ұйытқы болып тұрған құрамдық бөлшекті айыра білуге, олардың жалпы мәнін дәл анықтауға қажет. Тірек сөздердің ең басты белгісіне ММ-дердің құрамындағы сөздерді мағыналық үйлесіміне қарай өзара жіктеп, өз төңірегіне шоғырландыруын жатқызуға болады.

Мысалы, қазақ ММ-дері құрамында жиі кездесетін контрастивті мағынадағы “жақсы” мен “жаман” сын есім тірек сөздерінің негізінде қалыптасқан ММ-дер қаншама: □ *Жақсы көргенін айтады, жаман жегенін айтады*. Осындағы “жақсы”, “жаман” даналықтың асып-тасып жатқан мол қазынасын өлемге наш етіп тұрған ММ-дердің негізгі түйіні серке сөздер.

**1.2 ММ-дердің мағыналық тіркестерге қарай жіктелуі.** Қазақ ММ-дерінің тұла бойы тұнып тұрған тарих, халықтың басып өткен ұзақ өмірінің айнасы.

Тіл элементтері қарапайым қалпынан күрделенуге қарай, аз саннан көп санға қарай бағытталады, дыбыстан – сөз, сөзден – тіркес, тіркестен – сөйлем туады. Қазақ және түркі тілдерінің барлығында фразеологиялық тіркестер күрделі синтаксистік бірлік – ММ-дердің құрамдық элементі болып қызмет атқарады. Мысалы, қазақ тілінде □ *Біреуге көр қазба!* деген сөз алғаш фразеологизм ретінде қалыптасқан. Енді осы тағылым-ескертпенің логикалық жалғасы ретінде □ *Біреуге көр қазба, өзің түсерсің* деген “көр қазбаудың” себебін айқындайтын (яғни “неге?” деген сауалға жауап беретін) мақал пайда болып отыр.

Диссертацияның негізгі мақсаты – осыншалық бай дүниемізді қалай пайдалануды ғылыми негізде анықтау. Шығып жатқан сөздіктер, жинақтар, зерттеулер баршылық, бірақ солар халыққа қалай жетіп жатыр деген мәселе күн тәртібінде тұр. Бұл мәселенің екі жағы бар: біріншісі – практикалық, екіншісі – теориялық. Осы мәселеге бағышталған жұмысымыздың өзекті тұстары деп мыналарды көрсетуге болады: біріншіден, ММ-дер суреттеп сипаттайтын этнос болмысындағы сан алуан заттар мен құбылыстар, бір қарағанда, бас-аяғы араласып, қобырап жатқан дүние (“хаос”) болып көрінуі мүмкін. Ал, шын мәнісінде олар – табиғи болмысынан-ақ бірінен-бірі туындап, бірі мен бірі мағына-мазмұн жағынан, логикалық, тақырыптық қатыстылығына қарай жүйе-жүйесімен тұрған, объективті заңдылық бойынша реттелген дүние. Алайда, бұл заттар мен құбылыстардың табиғи реттілігі мен жүйелілігін тіліміздегі мыңдаған ММ-дер арқылы анықтау, өрине өте қиын. Бірақ өлемдегі заттар мен құбылыстардың баршасын Ә.Т.Қайдардың ұсынып жүрген жобасы бойынша “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” деген үлкен үш салаға топтастырып қарауға болады. Оған енбейтін болмыста ешнәрсе жоқ.

Әрбір ММ-дің бойына этнос болмысына тән, оның рухани, заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, өлет-ғұрып, наным-сеніміне, т.б. ерекшеліктеріне бай ақпарат жиналғанын көреміз. Мысалы, □ *“Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің”* деген мақал *“Отбасында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрген бала өсіп, ер жеткенде де соны істейді”* деген ауыз мағынада қолданылып тұр. Мақалдың өз басы о баста қыран құстар өмірін байқаудан туындап, саяткерлер лексиконында қалыптасқан жай ғана тіркес. Шынында да, бүркіт өз балапандарып күз-қиядағы ұясында түлетіп, қара қанат болып ұшқанға дейін сол төңіректегі барлық

аң-құстардың мал төлінің етімен қоректендіріп бағуға тырысады. Осы жайт мақалға айналып, жас баланың отбасында көрген тәлім-тәрбиесі мен өнеге-үлгісі ауыс мағынасында “оның өскенде істейтін өдетіне” айналып отыр. Бұл құбылысты ММ табиғатына тән гомоцентристік принцип бойынша түсінуге болады. Міне, осы тәрізді мағыналық өзгерістерді көптеген ММ табиғатынан байқаймыз. ММ-дерді топтастырудың басты принципі, міне, осы тәрізді құбылыстарды ескеруге негізделеді.

ММ-ді жіктеудің өзі жазу мәдениетінің қалыптасуына, халқымыздың сауаттылығына байланысты дүние. ММ-дердің жинақ ретінде жариялануы, басқа тілдерден көне түркі ескерткіштерінен аударылуы да, зерттелуі де қазақ тілінде аз деп айтуға болмайды. Оларды мақсат-мазмұнына қарай іштей бірнеше топқа бөліп қарастыру ләзім. Солардың біріне өз мақсатына қарай қазақ ММ-дер табиғатын көптен бері тұрақты зерттеп, зерделеп келе жатқандардың бірі – әдебиетші ғалымдар болса, екіншілеріне тілші ғалымдарды жатқызамыз. Қазақ ММ-дерін халық арасынан толық болмаса да жинап, әр түрлі басылымдарда жариялау ХІХ ғасырда көріне бастады. 1879ж алғаш қазақ ММ-дерін жариялаған (Хрестоматия, Орынбор) және 1906 ж. толықтырып, ең таңдаулыларын қайта жариялаған қазақ ағартушысы Б.Алтынсарин болатын.

Одан соң, 1899 ж. өзіне дейінгі жарияланған 1500 ММ-ді жинақтап, “Сборник киргизских пословиц” (Оренбург) деген атпен жариялаған қазақ тілін алғаш зерттеуші түркологтардың бірі В.В.Катаринский болды.

Осы дәстүр жалғасып, қазақ ММ-дері 1923 жылы Мәскеу қаласында “Мың бір мақал” деген атпен, 1927 жылы Ташкентте “Қазақ мақалдары” деген атпен (құрастырушы Ә.Диваев), Алматыда 1935 ж. “Қазақ мақалы мен мөтелдері” деген атпен (құрастырушы Ө.Тұрманжанов) жариялана бастайды. ММ-дердің толықтырылып шығарылған жинақтардың күні бүгінге дейін 10 шақты басылымы жарық көрді. Өткен ғасырдың 50-жылынан кейінгі басылымдары мыс. Б.Ақмұқанова, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Б.Әбдильдина, Ж.Дәуренбеков т.б. құрастырушылар, авторлар тарапынан толықтырылып, жаңаланып, толассыз жарияланып келеді. Соңғысы 2003 ж. жарияланған “Қазақтың мақал-мөтелдері” (Алматы, 2003 ж.) А.Т.Смайлова тарапынан құрастырылып, ең соңғы жарияланған “Қазақ мақал-мөтелдері” (Алматы, 2004 ж.) Ө.Тұрманжанов тарапынан құрастырылып, жарияланып отыр.

Қазақ ММ-дерін ауыз әдебиетінің жанры ретінде зерттеу, табиғатын айқындау, көркемсөз өнеріне қатысты аспектілері мен қыр-сырларымен шұғылданушылар, негізінен, әдебиетші мамандар. ММ-дің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға ат салысқан әдебиетші ғалымдардың қатарында М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, Н.Төрешұлы, Т.Көкішев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, С.Қасқабасов, С.Нұрышев, Б.Ақмұқанова т.б. атауға болады.

ММ-дердің табиғатын танып-білуге атсалысушылардың екінші бір тобына тіл мамандарын жатқызуға болады. Бұлардың зерттеу объектісіне ММ-дердің тұрақты тіркес ретінде атқаратын куммулятивтік қызметі, мағыналық даму заңдылығы, қолданыс ерекшеліктері жатады. Осы орайда, қазақ ММ-дерін зерттеген тілші ғалымдар — Р.Сәрсенбаев [2,29], Ғ.Тұрабаева [3,74], Ө.Айтбаев [4,108], Дина Б. [5,91], Ә.Қайдар [6, 560] т.б.

ММ-дердің әдеби табиғаты мен тілдік ерекшеліктеріне арналған нақтылы зерттеулерде, көбінесе, олардың жалпы құрамдық, мағыналық даму заңдылықтары мен іштей жіктелу принциптері, қолданыс тәсілдері мен стильдік мәнері, шығу төркіні мен тілара ауыс-түйістігі, көркемдік поэтикалық табиғаты, ауыспалы, идиомалық мағыналары мен эмоционалды-экспрессивтік реңктері т.б. қарастырылады.

**1.3 ММ-дердің тура мағынасына қарай жіктелуі.** ММ-дердің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің тура мағыналарынан тұндыаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын ажыратудың да бір өлшемі осы. Қазақ ММ-дерінің табиғатын зерттеген ғалымдардың бірі — М.О.Әуезов өз ойын былайша топшылайды:

“ММ дегеніміз — халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде ұтымды өткір етіп айтып беретін кестелі сөз” — дей келіп, ММ-дің айырмашылығын ол: “Мақал толық тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте, ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құралады. Ал, мәтел, мақал сияқты толық түрінде құрылмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады” [7,27].

Ақын М.Әлімбаев: “Мақал дегеніміз — өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақышы. Мысалы: □ “*Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол*”.

“Мәтел дегеніміз — халық арасына көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ ықшам да кестелі халық сөзі: □ “*Қызым саған айтам, келінім сен тыңда*”.

ММ-дердің өзіндік ерекшеліктері жайында көптеген басқа зерттеушілердің де пікірлерінен айқын көреміз.

ММ-дердің көпшілігі — ел арасына кең тараған, қазақ халқының жалпы тарихына және нақтылы тарихи тұлғалардың жеке басына, іс-әрекетіне байланысты қалыптасқан көне дүние. Ескі салт-дәстүрлер мен дүниетанымды уағыздау барысында қалыптасуы, олардың “архаикалық құбылыс” екендігін айқындай түседі. ММ-дердің бүгінгі заман талабына сай жаңа үлгілері пайда болып, даңалық қоры талассыз толығып, қат-қабат дамуда. Әдетте, жаңадан шығарылған ММ-дер тілімізде сақталса да, актив

(белсенді) қолданыста жүре бермейді. Мысалы: белгілі ақын М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев т.б. ақын жазушылар ММ-дерді шығарып, газет-журналдарда жариялап жатады, бірақ олардың бәрі қолданыста жүр деп айтуға болмайды. Олар халық жадында қалыптасуы керек.

ММ-дердің жиі қолданылуының басты себебі: өмірдің өзектілігіне байланысты болса да, екінші себебі айтуға жеңіл, қысқа әрі нұсқа болып келіп, адамның жадына оңай сақталуына байланысты. Осымен байланысты ММ-дің ерекше коммуникативтік, прагматикалық сипаты айқын көрінеді.

**1.4 ММ-дердің ауыс мағынасына қарай жіктелу принципі.** ММ-дер барлық жағдайда өзінің алғаш қалыптасқан толық номинативті түрінде қолданыла бермейді. Олар адамдар арасындағы қолданысында жазбаша, ауызша, өсіресе ауыз екі тілде тұлғасы өзгеріп отыруы мүмкін. Өзгергенде кейде құрамдық бөлшектері кеңейіп, кейде қысқарып, ықшамдалып, тиянақталып отырады. Мұндай өзгерістер мақал-мәтелтаным ғылымында окказиональды қолданысқа байланысты өзгеріс деп қарайды. Окказиональды қолданысты паремиологияда “авторлық қолданыс” деп атаудың бір себебі – ол автор еркімен байланысты. Ғылымда окказиональды өзгерістердің тілдік табиғаты біршама зерттелген. Ол өзгерістің түрлері қазақ ММ-дерінде де кездеседі және Ф.Тұрабаеваның арнайы зерттеуінде қарастырылған [3].

Әдеби тіл нормасына сай номинативті қолданыс – узуальды қолданыс. ММ-дердің бастапқы қалпында *дейді, деген екен, дегендей, деп, дей* т.б. көмекші егістік арқылы дайын тұрған тұтас та күрделі бірлестік ретінде қолданылады. ММ-дердің әдеби тіл нормасына сай узуальды қолданысында олардың құрамдық элементтері өзінің орын тәртібі бойынша саны мен тұлғасын түгел сақтап, тұрақты болып келеді. Кейде узуальды (тұрақты) түрде қолданылған ММ-дер сөйлеуші адамның ырқымен, қалауымен құрамы жағынан адам танымастай өзгеріске ұшырап, тіпті бір ММ бойынан бір-ақ сөз сақталып, сол ММ-дің мағынасын білдірсе, оны аллюзия құбылысы дейміз.

Аллюзия – мақал-мәтел мағынасын оның тұлғасын түгел сақтамай, құрамындағы бөлшектерін бұтарлап қолдану арқылы жеткізу тәсілі. Бұл құбылыстың табиғатын зерттеуші С.И.Вяльева былайша түсіндіреді: “Это окказионально-трансформированные пословицы, подвергшиеся наибольшему структурно-семантическому изменению в контексте... Это не только ссылка на какую-то пословицу, но и опущение значимых ее компонентов, по сравнению с оригиналом...” [8]. Мысалы: *Орамал тон болмайды, жол болады* деген мақал аллюзия түрінде “*Әңгіме дәстүрдің орамалында емес, жөн-жоралғысының шама келмес тонында*” (Қ.Ақжанов, “Қазақ әдебиеті”, 21.05.1982).

ММ-дердің тұлғасы өзгеріп жатса да, өзгермейтін тұрақты элементі – ауыс мағынасы. Өйткені олар көңілдегі бейне ретінде халық жадында то-



лық сақталады. ММ-дерді топтастыру мәселесінде олардың өзгермеген негізгі мағыналары ғана ескеріледі. Сондықтан да топтастыру принципіне ММ-дер қолданысына қарамай түгел қамтылады. Бұл мәселе қазақ паремиологиясында бұрын-соңды зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған емес.

ММ-дер тек қысқарған түрінде ғана емес, кейде құрамының толып, басқа сөздермен кеңейген түрінде де, толыққан түрінде де қолданылады.

**Мысал? Атың барда ил таны, Ашың барда ил таны**

? *Атың бар да желіп жүріп, жер таны, Асың бар да беріп жүріп, ел таны.* Бұл құбылыс тек қазақ тілінде ғана емес, басқа туыстас татар тіліндегі Н.Исәнбөттің жариялаған материалда: □ *Атың барда ил таны, ашың барда ир таны және Атың барда жир таны жиілеп йөреп, Ашын барда ил таны кеше күреп* деп екеуі екі мақал ретінде айтылады [9]. Бұл құбылыс орыс тілінде де кездеседі. Оны мына еңбектерден көреміз: И.М.Снегиров [10], В.И.Даль [11, 8], И.Е.Савенкова [12], В.П. Жуков [13] т.б.

**1.4.1 Мысал, кесте арқылы талдау.** Логикалық ой-толғаныс пен тіл шеберлігінің тоғысатын тұсы – ММ-дер. Қоршаған табиғат құбылыстары мен қоғамдық қарым-қатынастардан алған тәжірибе, ұғым-түсінікті тұжырымдап, бейнелеп айту – ММ-дердің қалыптасуындағы алғашқы қадам. Адамның сол ой-тұжырымның өзіне пайдалы мағлұмат деп тануын ММ-дің қалыптасуындағы екінші қадам деуге болады. Үшінші қадам – сол мағлұматты танымдық мәні бар, пайдалы ақыл-кеңес, жадында сақтауға тұратын ғибрат деп тану.

ММ-дердің ең алдымен шығу себептерін, мағыналық даму жолдарын, ауыспалы мағынаға ие болу уәждеріне тоқталып, *Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі* деген мақалдың тура мағынадан ауыс мағынаға өтуіндегі сәйкестікті кесте арқылы көрсетейік.

	Ұяда	нені көрсе	ұшқанда	соны	іледі
Т	бүркіт балапанын	балапанның аң-құсты	қара қанат	ұяда көріп,	ұстап жейді,
У	туып, баптап ұшыратын орын	жеп, дөмін, иісін алып жейтін үйреншікті тамағы	болып өзі ұшып, қыран құс болғаны	жеген аң-құстарды	аңшылық қасиетін танытады
А					
А	отбасында, шаңырақта,	қалай тәрбиеленсе, қандай үлгі-өнеге алса	ержетіп есейгенде, азаматтық жасқа келгенде	сол көрген үлгі-өнегені, тәлім-тәрбиені	көрсетеді, істейді, орындайды.
У	жанұяда, әулетте				
Ы					
С					

Диссертацияның “Қазақ ММ-дерін логика-семиотикалық және заттық-тақырыптық топтастыру принциптері” атты II тарауының *Логика-семиотикалық топтастыру, Заттық-тақырыптық топтастыру, Түркі тілдеріндегі ММ-дерді топтастыру тәжірибелерінен* деген тараушаларында ММ-дерді “тіл өлемі” арқылы жан-жақты танып-білуге болатындығы, топтастыра зерттеп жүйелеу принципіне, олардың мән-мағынасына қатысты тақырышқа байланысты қарастырылады.

Халық даналығының қазына байлығы – ММ-дер – тіл өнерінің дамуына тіл арқылы адамзат қоғамының асыл арманын, ақыл-парасатын тану, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын келешек ұрпағына үлгі-өнеге, ғибрат етіп ұсыну нәтижесінде туындап, қалыптасқан асыл мұра. ММ-дер ұлттық тілдің бір күдіретті күші ретінде қалыптасып, оның көркемдігі мен бейнелілігін өрістетіп, дамытып отырады. Тіл – кумулятивтік қызметіне сәйкес аталар аманаты. Адам табиғаттың жаратқан күрделі де, айрықша феномені ретінде сөз дүниесінде өмір сүреді, өзіне қатысты орасан зор мағлұматтарды ол сөз арқылы меңгереді, сөз арқылы түсінеді. Тіл байлығы сөз санымен ғана емес, оның сапасымен де, мағына тереңдігімен де өлшенеді. Қазақ халқы тіл күдіретін ерекше құрметтей білген, кез келген ер-азаматты сөзінен байқаған.

ММ-дер – этностың дүниетанымына, өмірлік тәжірибесіне қатысты фактордың тілдегі бір көрінісі. Сондықтан да ММ-дер табиғатын зерттеудің ең тиімді бір саласы этнолингвистика болып саналады. Фердинандт де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен этнос тілі тарихының өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде танып, өз ойын “халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл, керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады” деп тұжырымдады. Сол сияқты, Э.Сепир де этнография, салт-дәстүр т.б. осы сияқты ұғымдарды этнос болмысымен шендестіріп, “тіл өлемін” тілдің символдық қызметімен шектеп көрсеткісі келеді. Белгілі ғалым проф. М.М. Копыленко өзінің [14, 40] еңбегінде қазақ этнолингвистикасына қатысты көп жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен бағыт-бағдары, өзіндік үрдісі, зерттеу объектілері мен әдіс-тәсілдері кеңінен сөз болады. Демек, бұл этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде саппақ салып мойындау. “Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды” деген нақтылы қағиданы ұсынады. “Этностың өзін тек оның тілін жан-жақты танып білуге болады дейді”, – ғалым Ә.Қайдар.

Халықтың жаны тілінде десек, сол тілінде сақталған құндылықтардың бірі – ММ-дер. Сондықтан да тіл-тілдердің сөздік қорында ғасырлар бойы қолданылып, шоғырланып тұратын ММ-дерді жүйелеп, өзара топтастыра қарау этнолингвистиканың талабына сай мәселе. Бұл – Шығыс өлемінде, әсіресе, түркі тілдерін зерттеуге қатысты еңбектерде тым ергеден-ақ келе жатқан дәстүр. Мәселен, Шығыстың ғұлама ғалымы Махмұд Қашқари өзінің “Дивани лұғат ат-түрк” (түркі тілдер сөздігі) атты (XI ғ.) әйгілі

еңбегінде де, қышпақ тайпалары тілінің сөздігі – “Кодекс куманикус” (XIV ғ.) атты сөздікте де, тіпті Шығыстың ұлы шайыры Әлішер Науаидың “Екі тіл туралы ой-пікір” атты (XV ғ.) поэтикалық трактатында да тіл материалын топтастырып қарау принципіннің тамаша үлгісі көрсетіледі. Мысалы, М.Қалқари сол кездегі түркі тайпаларының лексикалық байлығын жинақтай келе, оны “Түркілердің өмірі туралы”, “Түркілердің материалдық-мәдени заттары туралы”, “Ру-тайпа туралы”, “Жер-су аттары туралы”... деп басталып, “Балалар ойындарымен” аяқталатын 30 тақырыптық топқа жіктеп қарастырған екен. “Кодекс Куманикусте” болса, сөздер мөс., “Құдайға және оның атына байланысты сөздер”, “Ауа райы мен аспан әлеміне байланысты сөздер”, “Уақыт, мезгіл атауларына байланысты сөздер”, “Бес сезім мүшелерінің атаулары” т.т. сияқты тақырыптық топқа жіктеліп беріледі. Мұны біз орыс тілінен де көруімізге болады. Мысалы, академик Н.И.Толстойдың басшылығымен шыға бастаған этнолингвистикалық сөздікте жинақталған тіл материалы 24 тақырыптық топқа бөлініп қарастырылшыты.

**2.1 Логика-семиотикалық топтастыру.** ММ-дерді іштей жіктеп, топтастыру деген проблема – жалпы паремиология саласының өзекті бір мәселесі болып отыр. Бұл ММ-дерді прагматикалық және теориялық тұрғыдан қарастыру деген сөз. Тіл топтарына байланысты теориялық еңбектердің ішінде біздің нысанға тікелей қатысы бар зерттеулерден Г.Л.Пермяковтың бірнеше еңбегін атаған болар едік. Ол ММ-дерді топтастыра қараудың маңыздылығын былай сипаттайды: *Во-первых*, большинство пословичных изречений, собственно поговорки употребляются в переносном смысле, т.е. отличаются многозначностью, и потому не могут быть вписаны в рамки одной узкой темы. *Во-вторых*, все предметно-тематические классы, предлагаемые паремиологами, взаимно перекрещиваются и потому не дают, и не могут дать однозначного решения” – дей келе, “В самом деле, куда следует поместить поговорку о жадности богачей”, если в сборнике и в системе есть отдельный раздел о жадности и отдельный – о богачах? – деген сауал қояды. И, наконец, *в-третьих*, сама разбивка на тематические группы весьма произвольна, и каждым исследователем и составителем сборника решается по-своему”. Қалай болғанда да Г.Л.Пермяковтың ұстанған – “Что вопрос о научной классификации пословиц и поговорок – коренной вопрос современной паремиологии, без решения которого не может развиваться сама эта наука” – деген тұжырымы – біздің жұмысымыздың да негізгі мақсаты мен бағдарламасы болып саналады.

ММ-дерді топтастыру мәселесі арнайы зерттеліп, оның ғылыми принциптері, әсіресе түркі тілдерінде әлі күнге дейін айқындала қойған жоқ. Дегенмен түркі тілдерінде ММ-дерді жинақтап, жүйелеп, зерттеудің бірінші тәсілі қалыптасқаны белгілі. Оның біреуі – ММ-дерді алфавит тәртібімен беру тәсілі, бұл негізінен ММ-дің “Сөздіктерінде” кездесседі,

бірақ осы күнге дейін қазақ ММ-дерінің сөздігі жасалған емес. Солардың алғашқысы деп ғалым Ә.Т.Қайдардың жариялаған “Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін” (“Халық даналығы”, Алматы, 2004) атауға болады. Бұл сөздікте ММ-дер алфавит тәртібімен берілген. Алфавит тәртібімен берілуді оңай деудің себебіне, білетін ММ-дерді тез тауып алуға болатындығы жатса, қиындығы білмейтін ММ-дерді бірден тауып алу мүмкін емес. Олай болмаған жағдайда сөздікті бастан-аяқ түгел ақтарып, әрбір сөздің мағынасын оқып барып іздеп табуға тура келеді.

ММ-дерді топтастырудың бүгінге дейін қалыптасып қалған, екінші тәсіліне заттық-тақырыптық белгілері бойынша топтастыру жатады. Бұл принциптің негізіне адам баласын қоршаған жанды-жансыз табиғат пен қоғамдық өмірдегі сан алуан заттар мен құбылыстардың ММ-дер нысанына енгендері және өзара шоғырланып қалыптасқан тақырыптық топтары жатады.

Үшінші тәсіл – логика-семантикалық тұрғыдан топтастыру. Бұл принцип түркітану саласында бұрын-соңды зерттелініп, тәжірибеде қолданылған емес. “Логика-семантикалық топтастыру” деп әр түрлі тақырыптық топтарға жататын ММ-дерді логикалық тұрғыдан қалыптасқан ортақ мағыналары бойынша топтастыруды айтамыз. Бұл жалпы жіктеу принципінің ең жоғары деңгейі болып саналады. Ең биік деңгейде тұратын, ауқымы кең, мағынасы жалпылама түрде ортақ ММ-дер тобы ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттарды құрайды. Г.Л.Пермяков 200 ұлт өкілдерінің 50 мыңға жуық ММ-дерін ең жоғарғы 4 логика-семиотикалық инварианттарға бөліп топтастырған. Қазақ тіліндегі ММ-дерді мазмұн-мәніне қарай классификациялау принциптерін Г.Л.Пермяков ұсынған әр түрлі жүйедегі фактілеріне сүйеніп қарастырамыз. Бұл тәсіл Шығыс халықтары (соның ішінде қазақ тілі) ММ-дерін арнайы зерттеген ғалым Г.Л. Пермяковтың еңбектерінде жан-жақты таратылып айқындалған. Г.Л. Пермяков ұсынып отырған семантикалық топтардың жалпы саны – 30. Бұл топтастыру принциптерін өте күрделі бола тұрса да, кез-келген тілдің ММ-деріне қатысты қолдануға болады. Ол принцип ғылымда ММ-дерді үлкенді-кішілі (макро-микро) тақырыптық, мағыналық, тұлғалық топтарға (салаларға, тарау-тармақтарға) бөліп қараудың негізгі бір ұстанымы (принципі) болып саналады. Қазақ ММ-дерінен мысалдар келтіріп көрейік. Мысалы, “Сөйкестік пен сөйкессіздік” деп аталатын ең жоғарғы деңгейдегі логика-семиотикалық инварианттық топқа екі логика-семантикалық топ қатысты: ол – “Сапалы сөйкестік пен сөйкессіздік” деген микро топқа және “Заттардың өзіндік сапалы сөйкестігі мен сөйкессіздігі” деп аталып, ол өз ішінде бірнеше логика-тематикалық топтарға бөлінеді. Осы топтарды бұдан кейін төмендегіше жіктеуге болады.

А. “Бір-бірімен өзара байланыста тұрған екі зат сөйкес болса, бірінші заттың қасиетіне қарай екіншісінің қасиеті де сөйкес келеді”. Г.Л. Пермяков еңбектерінде бұл топқа “*Екі сапаға-пара*” деген мақал келтірілген.

Қазақша : □ *Анама жездем сай*. Бірақ, “сай келу” сөзінің астарында өзіндік мән жатыр — ол сәйкестік. “Сәйкестік” идеясы кез-келген өзара ұқсас, сыбайлас (жалпы адам, қауым, ұжым, ел-жұрт т.б.) өкілдеріне қатысты айтыла беретін ұғым. Мысалы: □ *Қазанына қарай — шөміші, Ағашына қарай — жемісі*.

Ә. Екінші топқа бір-бірімен байланыста тұрған екі заттың қасиеті өзара сәйкеспей жатқандығын білдіретін ММ-дер жатады. Мысалы: □ *Жыртық киімге алтын түйме қыстырма; □ Көтере алмайтын шоқпарды бөліңе байлама* т.б.

Б. Белгілі бір байланыста тұрған екі заттың қасиеті бір — біріне кейде сәйкес, кейде сәйкес бола бермейді. Мысалы: □ *Қуаныш бар жерде қайғы бар; □ Ақылдыдан ақымақ, ақымақтан ақылды туар*.

Осы топқа қатысты ММ-дердің логика — семантикалық топтардың өз ішінде макро және микро топтарға жіктелетіндері: 2) “*Заттардың сәйкес және сәйкессіз сапалы әрекеттері*”; 3) “*Заттардың табиғи сапалы сәйкестігі мен сәйкессіздігі*”; 4) “*Табиғи сапалы заттардың сәйкесті және сәйкессіз әрекеті*”; 5) *Көлеміне қарай болатын сәйкестік пен сәйкессіздік*”; 6) “*Мерзім сәйкестігі мен сәйкессіздігі*”; 7) “*Сандық сәйкестік пен сәйкессіздік*”; 8) “*Орнына, жағдайға, әрекетке, қимылға, қалпына т.б. қасиеттеріне қарай болатын сәйкестік пен сәйкессіздік*”; 9) “*Бағыт сәйкестігі мен сәйкессіздігі*”; 10) “*Уақыт сәйкестігі мен сәйкессіздігі*”. Аталмыш топтардың әрқайсысының анықтамалары, мысалдары зерттеу жұмысымызда толық берілген.

Қазақ ММ-дерін топтастыруда Г.Л.Пермяковтың ұсынып отырған осы принциптеріне сүйене отырып, біз ең жоғары логика-семиотикалық инварианттық топтарға: 1) “*Зат пен зат қасиеті арасындағы қатыстық*”; 2) “*Заттардың өзара қатынасы*”; 3) “*Заттарға тән қасиеттердің өзара қатыстығы*”; 4) “*Заттардың белгілі бір қасиеттерге ие болуына байланысты өзара қатыстығы*” деген төрт топқа бөліп алып қарастырдық.

Қазақ ММ-дерінің осы принцип бойынша жіктелген тобының жалпы саны — 30. Бұдан шығатын қорытынды: макро топтар өзара “жүйелі қатысты принцип” негізінде, ал микро топтар бір — бірімен “сатылы қатысты принцип” бойынша топтастырылады.

Сонымен, ММ-дерді топтастыруды арнайы зерттеуіміздің мақсаты: тіліміздегі асыл дүниемізді, рухани байлығымызды қалай дұрыстап пайдалана аламыз, 15 мыңдай ММ-дің ең болмағанда көпшілік қауым бір пайызын білсе екен деген ой. Мүмкін көненің көзін көрген зиялы қауым, аға буын ақсақалдар болмаса, жастар жағы ММ-дерді біле де, қолдана да бермейді. Теледидардан ұйымдастырылып жүрген “1001 мақал” хабары осының айқын айғағы. Басқаша айтқанда, ММ-дерді іс жүзінде қолданбасақ, қолда бар жинақтарды тиімді пайдаланбасақ, өрине, бүгінде халі мүшкіл мемлекеттік тілімізді жан- жақты дамыту қиын. Өйткені ММ-дер ұлттық танымның, ой өрісінің ұйытқысы, құнарлы мөйегі. Сондықтан

біздің жұмысымыздың негізгі міндеті: ММ-дерді дұрыс пайдаланудың жол-жобасын көрсету.

**2.2 Заттық-тақырыптық топтастыру.** Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар сол этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері.

Өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік те болмаған болар еді. Осылайша халықтың жадында сақталып, бізге жеткен қазына байлығымызды толық меңгеріп, дұрыс қолдануға үйрету мақал-мәтелтаным ғылымының да бір міндеті. Ата-бабаларымыздың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазуы мен т.б. ескерткіштері этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде, оның ММ-дерінде ғана сақталады. Өрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа т.б. байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты тек тіл фактілері ретінде, соның күрделі де құнарлы бір саласы – ММ-дер арқылы ғана бізге жеткен. Әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені жадына сақтайтын басқа тәсіл жоқ.

Демек, “Тіл – тула бойы тұнып тұрған тарих”. Бұл қағиданы А.И. Беляев: “В языке народ выражает себя полнее и многостороннее, чем в чем-либо другом” деп баяндайды.

ММ-дерді топтастыра, іштей жіктеп зерттеудің қажеттілігі де осыған байланысты. Сондықтан да болар бұл мәселені қазақ тілі бойынша арнайы зерттеген ғалымдар, солардың бірі Ә.Т.Қайдар іштей жіктеудің “Этнолингвистикалық принциптерін” ұсынады. Бұл принцип кез-келген тілдік фактілермен қатар ММ-дерді де топтастырып қараудың тиімді тәсілдерін ұсынады. Сондықтан да ол бұл принцип бойынша тіл байлығын табиғи жүйесімен жіктеп, өзара байланысты “Адам”, “Қоғам” және “Табиғат” деп, үш салаға бөліп қарастырады. Шынында да, осы үш сала бойынша анықталатын адамзат, табиғат, қоғам құрылымына қатысты барша ұғым-түсініктерді толық қамтиды.

“Адам” саласының бірінші орында тұру себебі: “Егер адам, өмірде адам болып, саналы тұлға ретінде қалыптаспаса, бұл дүниенің барлығын ешкім біліп алмаған болар еді”. Мұнда адамның дүниетану қабілеті, саналылығы, ойлау процесі, көру, сезу, есту, белгілі бір зат пен құбылысты айыра білу, пайдалы-зиянды екенін ажырату т.б. осы сияқты қасиеттері анық байқалады. Адамдардың өзара қарым-қатынасы, табиғатты тануы да осылайша қалыптасады. “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” деп үш салаға бөліп қараудың ұстанған принципі – барлық құбылысты түгел қамту дегендік. Егер өңгіме төрт түлік мал, оны өсіру, пайдалану, емдеу т.б. жайында болды

десек, онда “*Табиғат*” саласының “*Жануарлар дүниесі*” деп аталатын макро тобына дәлрек айтқанда, “Үй хайуандары” деген микро тобына жатқызылған болар еді. Мәселен, қыран құстар “*Жануарлар дүниесінің*”, “*Құстар*” деп аталатын тарауына жатады. Бірақ қыран құстар жайында этнографиялық мәліметтер “*Кәсіпшілік*” деп аталатын макро топтың “*Аңшылық-саяткерлік*” деген тарауында да берілуі мүмкін. “*Қоғам*” саласына жататын “*Шаруашылық*” деген макро тобына барлық кәсіптің (“*Зергерлік*”, “*Егіншілік*”, “*Мақташылық*”, “*Малшылық*”, т.б.) шаруаға қатысты түрлерін түгел қамтиды. Мәселен, домбыра жайындағы мәліметтерді іздейтін болсақ, біз бұл системаның “*Өнер*” тобынан қарастыруымыз керек. Домбырашыға, домбыраның өзіне, бөлшектеріне, оны жасаушы шеберге байланысты ұғымдардың бәрін бір “*Өнер*” саласына жататын “*Ән-күй*” тарауынан табуымызға болады. Егер, “*Жетім перне*” деген ұғым домбыра пернесі ретінде домбыраға қатысты берілсе, жетім деген атаудың өзі “*Адам*” деген салада “*жетім бала*”, “*жетім қалу*”, “*жетімсіреу*”, “*аталы жетім*”, “*аналы жетім*”, “*арсыз жетім*”, “*ерке жетім*” сияқты адамға байланысты ұғымдарды “*Адам*” деген макро топтың “*Адамның қалып күйі*” деген микро тобынан қарастыруға болады. Сондықтан да, қазақ ММ-дерін өзара топтастырғанда аталған үш саланың біреуіне тәндігі айқын емес, екі ұдай ММ-дерді тірек сөздерінің заттық мағыналарына қарай емес, ауыс мағыналарына қарай топтастырған жөн. Мысалы, қазақ тіліндегі: □ Аш бала тоқ баламен ойнамайды, Тоқ бала аш болам деп ойламайды < > □ Өзі болған қыз төркінін танымас < > деген мақалдарды “*Адамға*” қатысты деп топтастырсақ, □ Бейбіт елде береке бар < > □ Ел іші – береке, көп ісі – мереке < > тәрізді мақалдарды “*Қоғам*” тақырыбана, ал □ Ат аяғын тай басар < > □ Жері байдың елі бай < > т.б. ММ-дерді “*Табиғат*” “*Жан-жануарлар*” саласына тән деп қарастыруға болады. Алайда, ММ-дердің көпшілігі “*Адам*”, “*Қоғам*” және “*Табиғат*” салаларына тән заттар мен құбылыстарға қатысты ұғымдардың басым көпшілігі ауыс мағынасында “*Адамға*” қатысты айтылады. Мысалы: □ *Заманың түлкі болса, тазы боп шал* < > деген мақал “*заман*”, “*түлкі*”, “*тазы*” ұғымдарына қатысты құралса да, сайып келгенде, адамға бағышталып тұр. Бұл арада “*гомоцентристік*” (адамға бағыштау) деген принциптің әсері басым. Мысалы, қазақ ММ-дерін жариялаған А.Т.Смайлова 63 тақырыптық топтың “*Еркек пен әйел турасында*” деп қараса, тағы біреуін “*Ер турасында*”, үшінші топты “*Ұл турасында*”, төртінші топты “*Қыз турасында*” деп қарайды. Осылардың бәрі жалпы бір макро топқа, ал олардың *ерге, ұлға, қызға* байланыстылары микро топтарға жату керек еді. Бұл мәселеге байланысты Г.Л.Пермяков: “Надо сказать, что традиционная тематическая классификация ПП, к которой часто прибегают составители, имеет свои преимущества и недостатки. Позитивным ее качеством является то, что она позволяет отвлечься от многих второстепенных элементов изречения и обратить внимание читателей на более существенные его моменты” деген пікірі орынды.

Акад. Ә.Қайлардың этнолингвистикалық жіктеуіне тереңірек үңілсек, “Адам”, “Қоғам”, “Табиғат” деп аталатын топтары өз ретінде “Адам” саласы: 6 макро топтан, 22 микро топтан, “Қоғам” саласы: 16 макро топтан, 79 микро топтан; “Табиғат” саласы: 7 макро топтан, 35 микро топтан тұрады [3].

Тақырыптық макро топтардың үлгі үшін “Адамға” қатысты кейбір ММ-дерді келтірейік:

1) Адамға қатысты ММ-дер: □ Адам – адаммен адам; □ Адам бір-ақ рет туады, бір-ақ рет өледі < >.

2) Туыс-жақындыққа қатысты ММ-дер: □ Ағайын алыс жүрсе, кісінесер, жақын жүрс, тістесер < >; □ Ағаның үйі – ақ жайлау, інінің үйі – індекеш < >.

3) Денсаулыққа қатысты ММ-дер: □ Бірінші байлық – денсаулық, Екінші байлық – ақ жаулық, Үшінші байлық – он саулық < >; □ Денің сау болса – бір бақыт.

4) Тілге қатысты ММ-дер: □ Тіл – ақылдың көрінісі, Бірліктің – кілті < >; □ Тіл – қақпа баққан ашулы арыстан < >;

5) Өмір-тіршілікке қатысты ММ-дер: □ Өмірдің ұзағын тілеме, қызығын тіле! < >; □ Өмір – кезек, өлім – ортақ < >;

6) Тіршілік-тұрмыс көздеріне қатысты ММ-дер: □ Тіріде базары – бір, өлгенде мазары – бір < >; □ Тісің тісіңе тісе – ас, тізең жерге тимесе – ат < >;

Осы сияқты мысалдарды “Қоғамға” да, “Табиғатқа” да қатысты келтіруге болады.

Мұндай тақырыптық топтардың жалпы саны, мысалы, татар паремиялогиясында 500-ге барады. Өзбек ММ-дерінің (қара: Ұзбек халқ мақоллари, Тошкент, 1989, 512 б.) тақырыптық топтарының жалпы саны – 68 болса, Ұйғыр ММ-дері топтарының жалпы саны – 23, т.т.

**2.3 Түркі тілдеріндегі ММ-дерді топтастыру тәжірибелерінен.** ММ-дердің жеке аспектілерін, ерекшеліктерін зергітеп, жинақтап, топтастыруда айрықша атауды қажет ететін еңбек – татар ғалымы Нәкый Исәнбөттің [9] үш томдық жинағы. Ол өзінің еңбегінде жүз мыңдай ММ-ді жариялап, оны 1500-дей микро тақырыптық топқа жіктеп көрсетеді. Бұл еңбекті ММ-дерді жіктеудің ең бір дамыған үлгісі деп қарауға болады. Тілдегі мыңдаған ММ-дердің ішінен білгендерін де, білуге қажеттілерін де тез тауып, қолданудың татар паремиялогтарының бұл тәсілін басқа тілдер де қабылдап, пайдалануға болады. Татар ММ-дерінің ішінде қазақ ММ-дерімен толық сәйкес, тұлғалас келетіндері де мыңдап саналады. Міне, бұл ортақтықты оларды топтастыруда да қабылдауға болатын сияқты. Мысалдар:

*Тат:* Күршеңе қарғама, үз башыңа төшір.

*Қаз:* Досыңды қарғама, өз басыңа келер.

*Тат:* Көлмә дусыңнан, килер башыңа.



*Қаз: Күлме досыңа, келер басыңа.*

*Тат: Күп белән күргәнең олы туй.*

*Қаз: Көппен көрген - ұлы той.*

*Тат: Ит туйған - жиренә, ир туган - иленә.*

*Қаз: Ит тойған жеріне, ер - туған еліне т.б.*

Көріп отырғанымыздай, бұл төрізді ұқсас ММ-дерді тек татар тілінен ғана емес, кез келген түркі тілінен, әсіресе, тегі жақын қышшақ тобына жататын тілдерден, көптеп кездестіруге болады. Татар паремиологиясында қалыптасқан 500-ге жуық макро және микро топтарға жіктеу принциптерінің үлгісін қазақ ММ-деріне тиімді тұстарын қолданғанымыз жөн.

Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде қол жеткен нәтижелер мен тұжырымдар сараланып берілді. Олардың негізгілері мыналар: халықтың ұлттық рухани өмірі мен салт-дәстүрін, дүниетанымы мен өзіндік кәсіптіршілік көздерін паш етуді, *Адам, қоғам, табиғаттың* үздік те басым үрдістерін: яғни Адам табиғатын, табиғи ортаны, жан-жануарлар дүниесін (соның ішінде, әсіресе төрт түлік мал табиғатын), сондай-ақ ата-баба салт-дәстүрін, жері мен елін қорғау борышын, сөз құдіретін т.б. осы сияқты ұлттық құндылықтарды топтастырып, жүйелеп танып-білудің ғылыми жүйелі негіздері кеңінен сөз болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлімбаев М. Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967, 16-18-66.
2. Сәрсенбаев Р. М.Әуезовтің “Абай жолы” романындағы мақал-мәтелдерінің қолданылуы // Қазақ тілінің мәселелері. Алматы 1980.
3. Тұрабаева Ф. Оказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке. Алматы, 1989, 224 с.
4. Айтбаев Ө. Мақал-мәтелдердің жазуымыз бен сөйлеуіміздегі қызметі. Алматы, 1978, 90-98-66.
5. Дина Д. Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі. Алматы, 2002, (қолжазба).
6. Қайдаров Ә. Халық даналығы. Алматы, 2004, 141-146-66.
7. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. I т., I кітап, Алматы, 1960.
8. Вьяльцева С.И. Оказиональное использование английских пословиц. Исследование лексической сочетаемости и фразеологии. Сб. трудов МГПН. М., 1975.
9. Исәнбөт Н. Татар халық мәкальләре. Қазан, 1959-1967, 3 том, 1074 б.
10. Снегирев И.М. Опыт рассуждения о русских пословицах. М., 1923, 177 с.
11. Даль В.И. Пословицы русского народа. М., ГИХЛ., 1957, 20 с.
12. Савенкова И.Е. Структура и семантика пословиц и поговорок современного русского языка. М., 1989.
13. Жуков В.П. Словарь русских пословиц и поговорок. М., 1966.
14. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы, 1995, 178 с.

**Диссертацияның негізгі мазмұны мен тұжырымдамалары  
төмендегі басылымдарда жарияланған:**

1. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді мазмұн-мәніне қарай топтастыру принциптері // Түркістан: “Ясауи хабаршысы”, 1998, № 3, 60-68 б.

2. Қазақ мақал-мәтелдерінің “Сәйкестік” және “Сәйкессіздік” идеясын білдіретін мағыналық-тақырыптық топтары//Түркістан: “Ясауи хабаршысы”, 1999, № 3, 15-20 б.

3. Қазақ мақал-мәтелдерінің абстракциялану (ауыс мағынаға өту) мотивтері // Алматы: “Ізденіс”, 1999, № 8, 1-5 б.

4. Татар мен қазақ мақал-мәтелдері мағыналас // Тілді оқытып үйретудің өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті, 2004 ж., 124-127 б.

5. Қазақ мақал-мәтелдерінің логика-семантикалық топтастырылу принциптері // Мәдениетаралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы: Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, 2004 ж., 779-783 б.

6. Қазақ мақал-мәтелдерінің мағыналық-тақырыптық топтары // Р.Сыздық және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2004 ж., 123-126 б.



**ТІЛ БІЛІМІ  
ИНСТИТУТЫ**

## Резюме

### Карсыбекова Шолпан Пернекулкызы Этнолингвистические принципы классификации пословиц и поговорок в казахском языке

На соискание ученой степени кандидата филологических наук  
специальность 10.02.02 – казахский язык

До настоящего времени в казахском языкознании пословицы и поговорки (ПП) были всесторонне изучены с различных позиций: познавательного-прагматического аспекта ПП, лексико-стилистические особенности, лексико-грамматические характеристики, синтаксис ПП, узуальные и окказиональные употребления ПП и др. Однако, при этом следует сменить неразработанность решения проблемы принципов классификации ПП в казахском языкознании.

**Актуальность диссертационного исследования** определяется насущной необходимостью в системном изучении ПП, в том числе уточнения принципов их классификации.

Особую актуальность исследованию придает его этнолингвистический аспект: теоретическое осмысление ПП как значительной части казахской национальной культуры имеет особое значение в осмыслении исторической и культурной роли, в оценке духовной, ментальной сущности этноса, а также в определении различных тематических групп ПП.

**Цель исследования** – этнолингвистическое исследование ПП в казахском языке. В соответствии с целью исследования в диссертации поставлены следующие задачи: определить и описать принципы классификации ПП и их место в языковой системе; уточнить различные мотивы и факторы формирования ПП; описать языковую природу ПП; провести этнолингвистический анализ ПП как духовного наследия казахского языка; определить пути и способы восприятия значений и содержания ПП; выявить параметры определения необходимого ПП в языковой ситуации.

**Объект исследования** – этнолингвистическая классификация паремнологической системы казахского языка.

**Методы исследования.** Поставленные задачи обусловили необходимость использования системного подхода, позволившего рассматривать объект исследования как целостную систему со сложной струк-

турой. Основными методами исследования послужили сравнительный, описательный, семантический анализ, а также такие общенаучные методы и примеры, как классификация и обобщение.

**Научная новизна** исследования состоит в том, что в диссертации осуществлено теоретическое обобщение точек зрения и концепции по исследованию ПП, которое позволило определить наивысшую степень распределения казахских ПП по логико-семантическим инвариантным группам; впервые описана логико-семантическая классификация казахской паремиологии; принципы Г.Л.Пермякова; проведено исследование логик-тематических групп казахских ПП по макро и микрогруппам.

**Теоретическая и практическая значимость работы.** Материалы исследования и результаты анализа могут быть использованы при чтении ряда вузовских курсов по лексикологии, этнолингвистике, а также в проведении спецкурсов по казахской паремиологии.

Диссертация состоит из Введения, двух глав, заключения и списка использованной литературы.

**Во введении** обосновывается выбор темы, ее актуальность, научная новизна, формируются положения, выносимые на защиту, определяются цель, задачи, теоретическая и практическая значимость исследования, характеризуется источники и методы исследования.

**В первой главе** диссертации наряду с казахским языком определяются принципы исследования ПП и в других тюркских языках (узбекский, киргизский, татарский), уточняется содержания ПП, определяются принципы классификации ПП.

**Вторая глава** диссертации посвящена этнолингвистическому исследованию ПП, которое позволило определить “языковую картину мира” этноса, выявить тематические группы ПП казахского языка.

**В заключении** обобщаются основные результаты исследования, подводятся итоги, отмечаются перспективы дальнейшей разработки данной проблемы.

## Resume

### of Karsyubekova Sholpan Pernekulkyzy Ethno-linguistic principles of proverbs and saying classification in Kazakh language

On competition of Cand.Phil.Sci. scientific degree  
Speciality 10.02.02 - Kazakh language

Till now in Kazakh linguistics proverbs and sayings (PS) have been comprehensively investigated from various positions: cognition-pragmatical aspect of PS, lexical-stylistic features, lexical and grammatical characteristics, syntax of PS, usual and occasional uses of PS, etc. However, thus it is necessary to replace unresolved decisions PS classification principles problem in Kazakh linguistics.

**The urgency of dissertational research** is determined by absolute must in system studying of PS, including specifications of their classification principles.

Special urgency to research gives it ethno-linguistic aspect: theoretical understanding of PS as significant part of Kazakh national culture has special value in understanding of a historical and cultural role, in a rating of spiritual, mental ethnos essence, and also in definition of various lexical PS sets.

**The purpose of research** – ethno-linguistic research of PS in the Kazakh language. According to the purpose of research in this dissertation the following problems are put: to determine and describe principles of PS classification and their places in language system; to precise different causes and forming factors of PS ; to describe language nature PS, to carry out ethno-linguistic analysis of PS as spiritual heritage of Kazakh language, to define ways and ways of recognition of values and contents of PS, to reveal definition parameters of necessary PS in language situation.

**Object of research** – ethno-linguistic classification of paremiologic system of Kazakh language.

**Methods of research** - Tasks in view have caused necessity of system approach use, allowed to examine object of research as complete system with complex structure. Basic methods of research is comparative, semantic analysis, and also have served such general scientific methods and examples, as classification and generalizations.

**Scientific novelty** of research will be, that in the dissertation theoretical generalization of points of view and concepts on PS researches which has allowed to determine the most advanced stage of Kazakh PS distribution on logical-semantic invariant groups is carried out; logical-semantic classification of Kazakh paremiology is described for the first time, G.L.Permjakov's principles, research of logical-subject groups of Kazakh PS on macro- and to micro-groups is carried out.

**The theoretical and practical importance of job** - Materials of research and results of analysis can be use at reading of some high school rates on lexicology, ethno-linguistics, and also in carrying out of special courses on Kazakh paremiology.

Dissertation will consist of introduction, two chapters, conclusion and list of used literature.

In introduction the choice of subject, its urgency and scientific novelty is proved, positions which are taken out on protection are formed, determined the purpose, problems, theoretical and practical importance of research, and characterized sources and methods of research.

In the first chapter of dissertation alongside with Kazakh language principles of PS research are determined in other Turkic languages (Uzbek, Kirghiz, Tatar), is specified maintenance of PS and principles of PS classification are defined.

The second chapter of dissertation is devoted ethno-linguistic research of PS which has allowed to determine "language picture of world" of ethnos, to reveal lexical PS sets of Kazakh language.

In conclusion the main results of research are generalized and summed up, prospects of further development of given problem are marked.



Подписано в печать 01.11.2004. Формат 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Гарнитура «Таймс». Печать ризографическая.  
Бумага офсетная № 1. Усл.-п. л. 2.  
Уч.-изд. л. 1,7. Тираж 100.

Отпечатано в типографии ТОО «Sanat»